Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

Тауарларды сатып алу жөнінде шарт №_____

_____қ. «__»_____2026 ж.

"Павлодар мұнай химия зауыты" ЖШС, Бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын, _____ _____ негізінде әрекет ететін _____, атынан, бір жағынан, және _____ бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталатын, _____ _____ негізінде әрекет ететін _____, , екінші тараптан бірлесіп «Тараптар», ал жоғарыда көрсетілгендей жеке-жеке «Тарап» деп аталатындар «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тікелей немесе жанама тиесілі заңды тұлғалардың сатып алуларын жүзеге асыру тәртібіне (бұдан әрі – Тәртіп) сәйкес және _____ _____ негізінде осы тауарларды сатып алу туралы шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты және төмендегілер туралы келісімге келді. Өнім беруші осы Шартқа қол қоя отырып: • заңнамаға сәйкес құрылған және әрекет ететін кәсіпкерлік субъектісі екендігін; • осы Шартқа қол қою үшін қандай да бір шектеулер, тыйым салулардың жоқ екендігін; • осы Шартқа қол қоймас бұрын өзінің барлық кәсіпкерлік тәуекелдерін бағалап, сәйкестендіргенін; • осы Шарттың орындалуына әсер ететін Тәртіппен танысты және Тәртіп нормаларымен келісетінін растайды.

1. Шарттың мәні

1.1. Өнім беруші тауарларды Шартта (бұдан әрі - Тауар) көрсетілген бағалар, параметрлер және басқа да шарттар бойынша Тапсырыс берушінің меншігіне жеткізуге және беруге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындаған жағдайда Тауарды осы Шарттың талаптарымен қабылдауға және төлеуге міндеттенеді.

1.2. Бұл Шартта төменде келтірілген анықтамалар мен ұғымдар төмендегі мағынада қолданылады: 1) Қабылдау-тапсыру актісі – ресімдеу және қол қою рәсімі Веб-порталда көзделген нысанда электрондық сатып алуды жүргізуді қамтамасыз ететін «Самұрық-Қазына» АҚ ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – Веб-портал) жүзеге асырылатын; кіріс бақылау (қабылдау-тапсыру) актісі негізінде тараптар қол қоятын құжат. 2) Жүк алушы – Шарттың №1 және №2 қосымшаларында «Жеткізу орны» бағанында көрсетілген Тапсырыс беруші немесе оның құрылымдық бөлімшесі; 3) Кемшіліктер – Тауардың Шарт талаптарына немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген міндетті талаптарға сәйкес келмеуі, соның ішінде, бірақ олармен шектелмей: тауардың бүлінуі, ақаулары, кемшліктері және т.б., саны, сапасы мен жиынтықтылығы бойынша сәйкессіздіктер; 4) Қабылдау – Тапсырыс беруші комиссиясының тауарды қабылдауы; 6) Жеткізу мерзімі – Тараптар Шартқа қол қойған күннен бастап Шарттың №1 және №2 қосымшаларына сәйкес тауарды жеткізудің соңғы күніне дейін есептелетін мерзім; 7) Тауар – шарттың №1 және №2 қосымшаларында көрсетілген тауар-материалдық құндылықтар; 8) Қор – «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ; 9) Холдинг – Қордың және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы тікелей немесе жанама түрде меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында Қорға тиесілі заңды тұлғалардың жиынтығы. Жанама тиесілігі – әрбір кейінгі заңды тұлғаға меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында басқа заңды тұлғаның дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызының тиесілі болуы; 10) Кіріс бақылау (қабылдау-тапсыру) актісі – тауарды жеткізу және Шарт талаптарына сәйкестігі тұрғысынан қабылдау/брактау фактісін растайтын құжат; 11) Электрондық шот-фактура (ЭШФ) – Мердігер Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің электрондық шот-фактураларының ақпараттық жүйесінде ұсынған, қолданыстағы заңнамаға сәйкес ресімделген электрондық нысандағы шот-фактураны білдіреді; 12) Тауарға арналған ілеспе жүккұжат (ТІЖ) – Қазақстан Республикасының қолданыстағы салық заңнамасында белгіленген жағдайларда, тәртіппен, нысанда және мерзімдерде электрондық нысанда ресімделетін құжат.

1.3. ҚР қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілерімен бекітілген тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу кезінде ұйымдардың елішілік құндылық есебінің бірыңғай әдістемесіне сәйкес есептелген Шарттың жалпы сомасынан елішілік құндылығы _____ пайызды құрайды. Бұл Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын тиісті құжаттардың көшірмелерімен (Қазақстандық тауар өндірушілер тізілімінен үзінді-көшірме) расталады.

1.4. Тауардың саны мен сапасы, тауар бірлігі, оның техникалық сипаттамалары, жеткізу мерзімдері, жеткізу орны және жүк алушының мекенжайы Шарттың №1 және №2 қосымшаларымен айқындалады.

2. Шарт сомасы және төлем шарттары

2.1. Осы Шарттың жалпы сомасы _____ (_____) _____ құрайды және Шарттың талаптарын тиісінше орындау үшін қажетті барлық шығыстарды қамтиды, және Шарт пен Тәртіпте көзделген жағдайларды қоспағанда, Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін өзгертуге жатпайды.

2.2. Шарт бойынша төлем түрлерінің жалпы арақатынасы Шартқа № 1 қосымшада көрсетілген.

2.3. Шарт бойынша ақы төлеу:

2.4. Шарттың 2.1-тармағында және №1 қосымшасында көрсетілген жалпы сомасы Тәртіпте тікелей қарастырылған жағдайларды қоспағанда, нақты болып табылады және ұлғайту бағытында өзгертілмейді және де оған Тауардың құны, оны қаптау, таңбалау құны, тасымалдауға, тиеу-түсіру жұмыстарына кеткен шығыстар және Өнім берушінің шарт бойынша Тауарды жеткізуге байланысты өзге де шығыстары кіреді.

2.5. Жеткізілген Тауарлар үшін ақы төлеу, оның ішінде Шарт бойынша түпкілікті есеп айырысу Тараптар жеткізілген Тауарлар актісіне

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

(актілеріне) (бұдан әрі - Қабылдап алу-тапсыру актілері) қол қойған және келесі құжатты (құжаттарды) ұсынған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірілмейтін мерзімде жүргізіледі:

2.5.1. Шарт шеңберінде жеткізілген Тауарлардағы елішілік құндылық үлесін электрондық құжат нысанында есептеу (электрондық сатып алуды жүргізуді қамтамасыз ететін «Самұрық-Қазына» АҚ-ның ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – Веб-портал) ұсынылады.

2.5.2. Шот-фактураны;

2.5.3. Кіріс бақылау актісі/қабылдау-тапсыру актісі.

2.6. Заңнамаға сәйкес ресімделген және қол қойылған Қабылдап алу-тапсыру актісін (актілерін) Өнім беруші Тапсырыс берушіге Веб-портал арқылы жібереді. Веб-порталда электрондық түрде Тауарларды Қабылдап алу-тапсыру актісін (актілерін) қалыптастыруға және оларға қол қоюға жол беріледі. Акт (актілер) Ұлттық тауарлар каталогынан тауардың жеке кодын (kztin) қарастыруы қажет. Ілеспе жұмыстарды (көрсетілетін қызметтерді) орындау кезінде түпкілікті есеп шарт бойынша тиісті жұмыстарды (көрсетілетін қызметтерді) орындағаннан кейін жүзеге асырылуы мүмкін. Бұл ретте ілеспе жұмыстарды (қызметтерді) орындағаны үшін төлемді ұстап қалу шарт сомасының 20%-нан аспауы тиіс.

2.7. Шарттың 2.1-тармағында және Шарттың №1 қосымшасында көрсетілген Шарттың жалпы сомасы түпкілікті болып табылады және Тәртіпте тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда, ұлғаю жағына қарай өзгертуге жатпайды және тауардың құнын, оның қаптамасын, таңбалануын, тасымалдауға, тиеу-түсіру жұмыстарына арналған шығыстарды, сондай-ақ Өнім берушінің басқа да шығыстарын қамтиды. Шарт бойынша тауарды жеткізуге байланысты, Өнім берушінің болашақта не көтерген барлық шығындары мен шығыстарын, сондай-ақ Өнім беруші өзіне қабылдаған барлық міндеттемелерді және олардан туындайтын кез келген салдарды, соның ішінде Тапсырыс берушіге берілген патенттік, авторлық құқықтар, тіркелген конструкциялар немесе Тапсырыс беруші сатып алған және/немесе оның құрамына кіретін бағдарламалық қамтамасыз етуге қатысты ұқсас құқықтар үшін төлеуге жататын барлық сомаларды жабады.

2.8. Өнім беруші Тапсырыс берушіге осы Шартта көзделген өз міндеттемелерін, сондай-ақ Тапсырыс беруші мен Өнім беруші арасында жасалған өзге де шарттарды Өнім берушінің орындамағаны және(немесе) тиісінше орындамағаны үшін Тапсырыс беруші мен Өнім беруші арасында жасалған барлық шарттар бойынша Өнім берушіге тиесілі ақшадан аванстар бойынша кез келген соманы, оның ішінде төленген және өтелмеген берешекті біржақты тәртіппен ұстап қалу құқығын береді. Ұстап қалу үшін: шарттық міндеттемелердің орындалмағанын/тиісінше орындалмағанын; жеткізілімдердің бұзылғанын; айыппұлдарды, өсімпұлдарды және өзге де тұрақсыздық айыбын есептеуді; Өнім берушінің шарттар бойынша алған тауарларын/жұмыстарын/қызметтерін; шарттар бойынша өзара есеп айырысуларды жүргізуді растайтын құжаттар негіз болып табылады.

2.9. Төлем валютасы: теңге. Төлем нысаны – осы Шарттың 16-бөлімінде көрсетілген деректемелер бойынша есеп айырысу шотына ақша қаражатын аудару.

2.10. Тапсырыс беруші мен Өнім берушінің банктік деректемелері немесе заңдық мекенжайлары өзгерген жағдайда тараптар бұл туралы бір-біріне осындай өзгеріс болған күннен кейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей алдын ала хабарлайды. Егер жоғарыда көрсетілген хабарламаның мерзімдерін бұзу немесе Өнім берушінің төлем үшін деректемелерді дұрыс көрсетпеуі нәтижесінде төлемдер дұрыс емес деректемелер бойынша жүргізілген жағдайда Тапсырыс беруші төлем бойынша міндеттемелерді тиісінше орындаған болып есептеледі. Бұл ретте аударылған ақша Тапсырыс берушінің есеп айырысу шотына қайтарылған жағдайда Тапсырыс беруші алынған ақшаны Өнім берушіге аударуға міндетті, бұл ретте ақшаны дұрыс емес деректемелер бойынша аудару нәтижесінде шеккен қосымша шығыстардың сомасын біржақты тәртіппен ұстап қалады. Тараптар төлем үшін дұрыс емес деректемелерді ұсынған және қайта төлемді жіберу қажеттілігі туындаған жағдайда қайта операциялар бойынша барлық шығыстарды төлем үшін дұрыс емес деректемелерді берген Тарап көтереді. Қайта операциялар бойынша шығыстар, ақша қаражатын аудару кезінде, екінші Тарапқа шығыстарды өтеуге арналған шот және келтірілген банктік шығыстар туралы растайтын құжаттарды ұсына отырып, қайта төлем сомасынан ұсталады.

2.11. Егер құжаттарды уақтылы ұсынбау Өнім берушінің кінәсінен болған жағдайда Тапсырыс беруші төлем мерзімдерін бұзғаны үшін жауапты болмайды.

2.12. Қазақстан Республикасының салықтарға қатысты заңнамасы өзгерген жағдайда тараптар тиісті Қосымша келісімге қол қоя отырып, осы Шартқа тиісті өзгерістер енгізуге міндеттенеді.

2.13. Егер Тапсырыс беруші қандай да бір шотты толық немесе ішінара дауласа, Тапсырыс беруші бұл туралы дереу Өнім берушіге хабарлауы тиіс, ал Өнім беруші соманың дау тудырмайтын бөлігіне шотты және соманың даулы бөлігіне жаңа шотты қайта қоюы тиіс. Тараптар даулы сомаларға қатысты барлық даулы мәселелерді дереу шешіп, оларды түзету үшін барлық күш жігерін жұмсауға тиіс.

2.14. Кез келген шот-фактураны төлеу, төлемеу немесе төлеуге қарсылық білдіру фактісі, кез келген дауды реттеу кезінде кез келген төлемдер немесе есеп айырысулар, сондай-ақ жоғарыда аталған әрекеттердің кез келген үйлесімі Тапсырыс берушінің Өнім берушінің шот-фактураларын тануын білдірмейді. Тапсырыс беруші тарапынан кез келген төлем ол үшін болашақта шотта қойылған кез келген соманың негізділігіне дау айту құқығы сақталған жағдайда жүргізіледі.

2.15. Шарттың №1 қосымшасында аванстық төлем (алдын ала төлем) көзделген жағдайда, нақты жеткізілген Тауар үшін төлем аванстық төлем (алдын ала төлем) сомасын пропорционалды түрде ұстап қалуды ескере отырып жүргізіледі.

3. Жеткізу мерзімдері мен талаптары

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

3.1. Өнім беруші тауарды Тапсырыс берушінің қоймасына (Қазақстан Республикасы, Павлодар қаласы, Химкомбинатовская көшесі, 1) өз күшімен және өз есебінен толық жеткізуге міндеттенеді.

3.2. Барлық тауар осы Шарттың талаптарында осы Шарттың №1, №2 қосымшаларында көрсетілген мерзімдерде жеткізілуге тиіс. Тараптардың келісімі бойынша тауарды партиялармен жеткізуге болады. Жөнелту пунктінде көлік жүкқұжатына қойылған Тауарды (оның партиясын) жөнелту туралы белгі қойылған күн тиеу күні болып есептеледі. Тапсырыс берушінің өкілі қол қойған ілеспе жүкқұжатта көрсетілген мөртабан күні Тауарды жеткізу күні болып есептеледі.

3.3. Таңбалау тауарды дайындаушы зауыт қабылдаған МЕМСТ және ТТ сәйкес жүргізіледі.

3.4. Өнім беруші тауарды дұрыс емес және ұқыпсыз орау немесе қорғау салдарынан туындаған барлық ысыраптар мен шығындар үшін жауап береді.

3.5. Қаптама мүмкін болатын шамадан тыс жүктемелерді, температуралық режимді және ылғалдылықты, басқа жүктермен үйлесімділікті ескере отырып, Тауарды тасымалдау кезінде кез-келген зақымданудан толығымен қорғауы керек, ал қаптама қолмен немесе кранмен тасымалдауға қолайлы болуы керек. Су өткізбейтін конверттегі қаптама парағының бір көшірмесі әр қаптамаға салынуы керек.

3.6. Тауар Тапсырыс берушіге Шарт талаптарына сәйкес өзіне қатысты және тиісті түрде ресімделген ілеспе құжаттар топтамасымен Тауарды бергеннен кейін жеткізілген болып есептеледі. Тауарды Өнім беруші Тапсырыс берушіге кіріс бақылау актісіне (қабылдау-тапсыру актісіне) сәйкес және Шарттың №1, №2 қосымшаларына сәйкес саны мен сапасы бойынша береді. Жеткізуге байланысты шығыстар Шарттың жалпы сомасына енгізіледі.

3.7. Жеткізілетін Тауардың сапасы Техникалық сипаттамада (№2 қосымша) көрсетілген талаптарға толық сәйкес келуі тиіс.

3.8. Ерекше жағдайларда, тиеп-жөнелтудің транзиттік нормаларына байланысты Тауардың әрбір жеке санатына жеткізу көлемінен –__% (минус __) ауытқуға жол беріледі (тек салмақталатын және өлшенетін жүктер үшін – тонна, метр және т.б.).

3.9. Өнім беруші Шартта көзделгеннен аз Тауарды жеткізуде көрсетілген Шарттың талаптарын бұзған кезде төлем нақты жеткізілген және белгіленген тәртіппен қабылданған Тауар санына сәйкес жүргізілетін болады. Өнім беруші тауарды көп мөлшерде жеткізген кезде төлем Шартта көзделген Тауар санына сәйкес жүргізілетін болады. Тауарларды қаптарда, металл және пластик ыдыстарда, сондай-ақ үлкен массалы жәшіктерде жеткізу кезінде паллеттердің болуы көзделуге тиіс.

3.10. Тараптар Шарт бойынша Тауарды жеткізу талаптарын екінші Тараппен алдын ала жазбаша келісусіз біржақты тәртіппен өзгертуге болмайтынына келіседі.

3.11. Тапсырыс беруші Өнім берушіні хабардар ете отырып, жеткізілуі мерзімі өткен Тауарды қабылдаудан бас тартуға құқылы.

3.12. Өнім беруші Тауарды жеткізу мерзімін бұзған кезде Тапсырыс беруші Шартты орындауға қызығушылығын жоғалтады. Бұл жағдайда Өнім беруші Тауарды жеткізудің белгіленген мерзімі өткеннен кейін Тапсырыс берушінің жазбаша келісімінсіз жеткізуге құқылы емес.

3.13. Алдын ала жеткізілетін тауарды орау басталғанға дейін Өнім беруші тауарды атмосфералық жауын-шашынның, тікелей күн сәулесінің, коррозияның, тиеу-түсіру кезіндегі авариялардың әсерінен қорғау, тасымалдау және сақтау шарттарын сақтау үшін қандай да бір жолмен: жабдықтың ішкі бөліктерін дірілден немесе соққылардан қорғау мақсатында тазалау, сырлау, майлау, қорғаныш пленканы жағу, сынғыш бөлшектерді алу, байлау немесе бекіту үшін сақтық шараларын қолдануы тиіс.

3.14. Егер Шарт талаптары бойынша МЕМСТ талаптарына сәйкес Тауар талап етілетін тәсілмен буып-түюге тиіс болса, орау мүмкін болатын шамадан тыс жүктемелерді, температуралық режимді және ылғалдылықты, басқа жүктермен үйлесімділікті ескере отырып, тасымалдау кезінде тауарды кез келген зақымданудан толық қорғауы тиіс, бұл ретте орау қолмен немесе кранның көмегімен тасымалдау үшін қолайлы болуы тиіс. Тауарды буып түю кезінде Өнім беруші Тауарды кез келген көлік түрімен тасымалдау кезінде оның сақталуын қамтамасыз ету үшін буып түюге қойылатын тиісті талаптарды басшылыққа алуға тиіс. Су өткізбейтін конверттегі қаптама парағының бір көшірмесі әр қаптамаға салынуы керек. Бұл ретте, егер Шарттың және оған Қосымшалардың талаптарында өзгеше көзделмесе, қаптаманы Тапсырыс беруші қайтармайды.

3.15. Өнім беруші арнайы айналым және/немесе тасымалдау және/немесе сақтау шарттарын талап ететін Тауар бірліктерін, сондай-ақ ауа-райының өзгеруіне ұшырайтын Тауарды Тапсырыс берушіге осындай заттармен жұмыс істеу үшін қажетті сақтық шараларын хабарлау арқылы арнайы анықтауы керек.

3.16. Тара және (немесе) қаптама тасымалдау жөніндегі мемлекеттік және халықаралық стандарттарға (немесе техникалық шарттарға) сәйкес келуге тиіс және авто -, теміржол немесе әуе көлігімен түсіру, сақтау және тасымалдау кезінде толық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге тиіс.

3.17. Әр қораптың немесе қаптаманың сыртына орау парағының көшірмесі бар су өткізбейтін қағаз конверті бекітіледі. Конверт қорапқа бекітілген металл пластинамен жабылуы керек. Қаптама парағының екінші көшірмесі Тауар салынған қорапқа салынуы керек. Егер Тауар қаптамасыз немесе жұмсақ орындалған қаптамада жөнелтілсе, конверт тікелей тауардың жұмыс істемейтін бөліктеріне бекітіледі.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

3.18. Техникалық құжаттама, егер қарастырылған болса, атап айтқанда Тауарды пайдалану жөніндегі паспорттар мен нұсқаулықтар қажет болған жағдайда Тауармен бірге жәшікке немесе қаптамаға салынады.

3.19. Таңбалау Тауарды дайындаушы зауыт қабылдаған МЕМСТ және ТТ сәйкес жүргізіледі.

3.20. Таңбалау әр жәшіктің немесе қаптаманың үш жағында (әр жәшіктің қақпағында, алдыңғы және сол жағында) орыс тілінде өшпейтін бояумен жазылады. Әрбір тауар жәшігі былайша таңбалануы керек • Жөнелтушінің атауы • Баратын жері • Абайлаңыз • Жоғарғы • Лақтырмаңыз • Құрғақ жерде ұстаңыз • Шарт №_____ • Жалпы салмағы _____ кг. • Таза салмағы _ _ _ _ _ кг. * қорап немесе қаптама № _ _ _ _ _ • Өлшемдері _ _ _ _ _ _ _ • Көлемі _ _ _ _ _ _ (текше см) • Ауырлық орталығы.

3.21. Өнім беруші механикалық көтергіш құрылғыларды пайдалануды талап ететін ірі габаритті немесе ауыр салмақты жүктердің барлық қаптамаларындағы тік позицияны, көтеру нүктелерін, салмағы мен өлшемдерін нақты белгілеуге, қажет болған жағдайда ауырлық орталығын белгілеуге міндетті.

3.22. Тауардың орамасы бүлінген жағдайда, Тапсырыс беруші жеткізілген Тауардан бас тартуға құқылы»

4. Тараптардың құқықтары мен міндеттемелері

4.1. Өнім беруші:

4.1.1. Тауарды Шарттың талаптарына сәйкес жеткізуге;

4.1.2. Тапсырыс берушіге Шартта белгіленген мерзімде және талаптарда жеткізілетін Тауарға құжаттарды, оның ішінде:

4.1.2.1. Шарт шеңберінде электрондық құжат нысанында жеткізілген тауардың барлық көлеміне (санына) шарттағы елішілік құндылық үлесін есептеу (Веб-порталда ұсынылады). Түпкілікті Қабылдап алу-тапсыру актісімен бірге ұсынылады.

4.1.3. Шарттың талаптарына сәйкес тауардың саны мен сапасы бойынша Тапсырыс беруші анықтаған кемшіліктерді жоюға; Тапсырыс беруші Өнім берушінің тауарлардағы елішілік құндылықтың болжамды үлесін ұсынуын талап етуге құқылы емес.

4.1.4. Шарттың №1 қосымшасында аванстық төлем (алдын ала төлем) көзделген жағдайда, Тауарды жеткізу мерзімдері бұзылған және (немесе) Тауарды жеткізуден бас тартылған кезде, Өнім беруші Тапсырыс берушіге Тапсырыс беруші төлеген аванстық төлемді (алдын ала төлемді) нақты шеккен шығыстарды ескере отырып қайтаруға міндетті.

4.1.5. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жеткізілетін Тауарлардың техникалық регламенттерде, стандарттар ережелерінде немесе өзге де құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттарды Сатып алу туралы шартты орындау шеңберінде ұсынуға;

4.1.6. Өткізу және объектішілік режимдердің талаптарын, сондай-ақ Тапсырыс берушінің аумағында қолданылатын ішкі жергілікті актілердің талаптарын сақтауға.

4.1.7. Тапсырыс берушіге Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес ресімделген, нақты тиелген Тауардың саны үшін жүккұжатты, шот-фактураны, ілеспе жүккұжаттардың бір данасын тиісті Тауар партиясын жеткізу күні тапсыруға.

4.1.8. Тапсырыс берушіні: - Тауардың межелі орны/ жеткізу орны бойынша тиелуі туралы; - Тауарға қатысты, соның ішінде тауардың техникалық сипаттарын анықтайтын құжаттардың көшірмелерін (сәйкестік сертификаттарының, техникалық паспорттардың, сапа туралы куәліктің көшірмелері және т.б.) ұсына отырып, жоспарлы жеткізу күніне дейін 7 (жеті) жұмыс күні бұрын тауарды жеткізу туралы факсимильді немесе электрондық байланыс арқылы (тауарды жеткізу тәсілін көрсетіп) хабардар етуге. Өнім беруші хабарламада мыналарды көрсетеді: жөнелту күні, тауардың атауы және саны, тауардың тиелген париясының жалпы құны. Тиеу туралы хабарламаны уақытылы ұсынбаған жағдайда Тапсырыс беруші Тауар түскен күні қабылдаудан бас тартып, қабылдау күнін 2 (екі) жұмыс күніне дейінгі мерзімге ауыстыруға құқылы.

4.1.9. Тапсырыс берушіге Тауардың зиянды қасиеттері (болған жағдайда) туралы алдын ала хабарлауға.

4.1.10. Тапсырыс берушіге келтірілген залалдарды, соның ішінде Шартты орындауға дейін туындаған негіздемелер бойынша Тауарды үшінші тұлғалар Тапсырыс берушіден қайтарып алған жағдайда залалдарды өтеуге.

4.1.11. Тапсырыс берушіден тиісті сұрауды алған сәттен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіге Шартты орындауға қатысты кез келген ақпаратты және құжаттарды, соның ішінде Тауарды жеткізуге байланысты іс-әрекеттер мәртебесі (Тауарды дайындау мәртебесі, Тауардың ағымдағы орналасқан жері, Өнім берушінің Тауарды нақты жеткізу мерзімі бойынша күтулері және т.б.) бойынша ақпаратты және растайтын құжаттарды (мысалы, дайындаушы зауыттың хаты, тиеу құжаттарының көшірмелері және т. т.б.) ұсынуға; Бұл ретте ақпаратты беру сипаттамасын, көлемін және формасын (жазбаша немесе ауызша) Тапсырыс беруші анықтайды.

4.1.12. Өнім берушіге Шарт бойынша өз міндеттемелерін белгіленген мерзімде орындау мүмкін болмайтын жағдайлар туралы Тапсырыс берушіні дереу хабардар етуге.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

4.1.13. Тауардағы жергілікті қамту үлесіне қатысты ұсынылған ақпараттың дұрыстығына кепілдік беруге. Өнім беруші жергілікті қамту үлесі туралы дұрыс емес ақпарат берген жағдайда Тәртіпке және Шартқа сәйкес жауапкершілікке тартылады.

4.1.14. Тапсырыс берушінің сұрауы бойынша 5 (бес) жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіге осы Шарт бойынша жеткізілетін Тауарға бірдей және (немесе) ұқсас тауарларға Өнім беруші ұсынған бағалар туралы ақпаратты ұсыну мүмкіндігін қарастыруға (соның ішінде Өнім беруші қол қойған белгілі күнге коммерциялық ұсыныстар).

4.1.15. Осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде және одан әрі ай сайынғы негізде Тапсырыс берушіге атауын, орналасқан жерін, бизнес-сәйкестендіру нөмірін (БСН) және олардың Өнім берушімен үлестес болу белгілерінің бар-жоғын көрсетіп, Шартты орындауға тартылған барлық қосалқы мердігерлер бойынша ақпаратты ұсынуға міндеттенеді. Тапсырыс беруші соңғы бенефициарды оффшорлық аймақтарда тіркелуі тұрғысынан тексеру жүргізу құқығын өзіне қалдырады.

4.1.16. Тауарды қабылдау-беру процесінде Тауардың сапасын, санын, сондай-ақ Тауардың Шарт талаптарына сәйкестігін тексеруді жүзеге асыруға.

4.1.17. Шарт бойынша міндеттемелерді, оның ішінде экспорттық және импорттық лицензияны немесе өзге де ресми рұқсатты орындау үшін, сондай-ақ тауарды әкетуге, оны кез келген ел арқылы тасымалдауға және тауарды әкелуге қажетті барлық кедендік формальдылықтарды орындауға талап етілетін рұқсат беру құжаттамасын алуға (қажет болған жағдайда оны алуға) байланысты барлық шығыстарды көтеруге.

4.1.18. Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамасының талаптарын, оның ішінде Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарының және шарт бойынша міндеттемелерді орындау барысында шартқа қосымшалардың талаптарын сақтау, сондай-ақ олар бойынша толық жауаптылықта болу. Қажетті талаптар мен стандарттар сақталмаған жағдайда, Өнім берушіге жоғарыда көрсетілген талаптар толық сәйкестікке келтірілгенге дейін шарт бойынша міндеттемелерді одан әрі орындауға тыйым салынуы мүмкін. Бұл ретте Өнім беруші осы шарттардың бұзылуы нәтижесінде туындаған тауарды уақтылы жеткізбегені үшін жауапты болады.

4.1.19. Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз шарт бойынша өз міндеттемелерін ешкімге толық немесе ішінара бермеуге.

4.1.20. Тапсырыс берушінің талабы бойынша Тапсырыс берушіге осы Шарт шеңберінде жасалған барлық мердігерлік шарттардың көшірмелерін оларды тарту сәтінде ұсыну. Мердігерлердің болуы Өнім берушіні Шарт бойынша материалдық немесе басқа жауапкершіліктен босатпайды. Тапсырыс беруші Мердігерге мердігердің Өнім берушімен шартты бұзуына байланысты талаптар қоюға құқылы.

4.1.21. Тапсырыс берушінің жазбаша актісі бойынша онда көрсетілген Тапсырыс берушінің өкілдерін Тапсырыс беруші алдындағы Өнім берушінің міндеттемелерін орындауға жататын құжаттарды (бухгалтерлік шоттар, шот-фактуралар, шығыстар бойынша бастапқы құжаттамалар) алу және олармен танысу құқығымен аудит жүргізуге жіберуге.

4.1.22. Тауарларды жеткізу және Шарт бойынша монтаждау, құрастыру, іске қосу-реттеу жұмыстарын жүргізу үшін біліктілігі, құзыреттілігі және жеткілікті тәжірибесі бар персоналды тарту. Барлық осындай персоналдың Қазақстан Республикасы заңнамасының барлық қолданылатын ережелерінде, нұсқаулықтарында, нормаларында және өзге де талаптарында көзделген біліктілігі, тәжірибесі және тиісті даярлығы болуға тиіс.

4.1.23. После подписания окончательного Акта приемки-передачи Товара, по требованию Заказчика, подписать Акт сверки взаимных расчетов в течение 3 (трех) рабочих дней.

4.1.24. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау кезінде Өнім берушінің жол берген бұзушылықтары үшін толық жауаптылықта болуға, сондай-ақ Өнім берушінің экология, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, салық салу, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі саласында әкімшілік жауапкершілікке тартуға әкеп соққан заңнаманы жол бергені үшін Тапсырыс берушіге уәкілетті мемлекеттік органдар салатын кез келген өндіріп алуды толық көлемде өтеуге.

4.1.25. Егер мемлекеттік органдар камералдық бақылау рәсімі, тәуекелдерді басқару жүйесін қолдану және/немесе тексерулер, сондай-ақ өзге де іс-шаралар шеңберінде шартта көзделген операциялар бойынша өзара есеп айырысуларды көрсетпеу (төлемеу) не растамау фактілерін анықтаған жағдайда, соның салдарынан Тапсырыс берушіге ҚҚС асып кеткен соманы Қазақстан Республика бюджетінен қайтарудан бас тартылатын болса не салықты қосымша есептеу артылса, Өнім беруші Тапсырыс берушіден тиісті хабарлама алғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн ішінде Тапсырыс берушіге Қазақстан Республикасының бюджетінен қайтарудан бас тартылған ҚҚС асып кетуінің барлық сомасын, сондай-ақ қаржылық санкцияларды қоса алғанда, барлық өзге де есептелген салықтарды өтеуге міндеттенеді. Осы тармақта көзделген шарт тікелей Өнім берушінің өзімен өзара қарым-қатынасымен шектелмейді, сонымен қатар қандай да бір негіздер бойынша Тапсырыс берушімен өзара есеп айырысуды растамау, қосылған құн салығын қайтармау және Тапсырыс берушіге мемлекеттік органдар ұсынған салықтар мен қаржылық санкцияларды қосымша есептеу жағдайларына әкеп соққан Өнім берушінің өзімен өзара қарым-қатынастарға да қолданылады.

4.1.26. Егер мемлекеттік органдар камералдық бақылау және/ немесе тексерулер, сондай-ақ өзге де іс-шаралар рәсімі шеңберінде босату шарттарының Өнім берушіге қолданылмауы себебінен төлем көзінен салықтан босатуды негізсіз қолдануды белгілесе, онда Өнім беруші Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджетіне төленуге жататын салықтар мен қаржылық міндеттемелердің

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

барлық сомасын өтеуге міндеттенеді. Тапсырыс беруші көрсетілген оқиғалардың басталу фактісін растайтын барлық қажетті құжаттарды ұсынады.

4.1.27. Тапсырыс берушінің сұрауы бойынша көрсетілген мерзімдерде шарттың орындалуына байланысты ақпарат пен құжаттарды ұсынуға.

4.1.28. Егер осы Шарт техникалық сипаттамада көзделген болса, оның ішінде іссапар шығыстарын төлеу (Тапсырыс берушінің орналасқан жерінен зауыттық сынақтар өткізілетін жерге дейін апару және кері қайту, сондай-ақ іссапарда Тапсырыс берушінің өкілдері болған кезеңде тұру және тамақтану шығыстары) Тапсырыс беруші өкілдерінің жеткізілетін тауарды зауыттық сынақтарға қатысуын өз есебінен қамтамасыз етуге.

4.1.29. Шартта және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да міндеттерді атқаруға міндетті.

4.2. Өнім беруші:

4.2.1. Тапсырыс берушіден Шартта көзделген төлемді (төлемдерді) талап етуге;

4.2.2. Тапсырыс берушіден Тауарды уақтылы қабылдауды және Қабылдап алу-тапсыру актісіне қол қоюды талап етуге;

4.2.3. Шартты, Қазақстан Республикасының заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта қарастырылған негіздер бойынша бұзуға;

4.2.4. Тапсырыс берушіні алдын ала хабардар ете отырып, тауарды Тапсырыс берушінің қоймасына мерзімінен бұрын жеткізуге;

4.2.5. Шартта және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шектеулерді ескере отырып, өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.

4.3. Тапсырыс беруші:

4.3.1. Өнім беруші жеткізген тауарды Шарт талаптарына сәйкес қабылдауға;

4.3.2. Шағымдар болмаған жағдайда Қабылдап алу-тапсыру актісіне Өнім берушіден Қабылдап алу - тапсыру актісін алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қол қоюға;

4.3.3. Шарттың талаптарына сәйкес төлемді (төлемдерді) жүзеге асыруға;

4.3.4. Шартта көрсетілген мерзімде Тауарды қабылдамаған жағдайда дәлелді бас тартуды жіберуге; Жеткізілген Тауарда ақаулар болған жағдайда Өнім берушіге ақауларды жою мерзімін көрсете отырып, ақаулар тізбесін жіберуге.

4.4. Тапсырыс беруші:

4.4.1. Өнім берушіден Шартта көзделген Тауарды тиісті мөлшерде және сапада алуға;

4.4.2. Тауардың/Шарттың құнын сәйкесінше азайтумен Шарттың талаптарына сәйкес келмейтін Тауардың кез келген бөлігінен бас тартуға немесе ақаулы ведомоске сәйкес Өнім берушіге сапасыз Тауарды қайтаруға;

4.4.3. ҚР заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша шартты бұзу және (немесе) шарттан бас тартуға құқылы.

4.4.4. Тапсырыс беруші Өнім берушінің тауарлардағы елішілік құндылықтың болжамды үлесін ұсынуын талап етуге құқылы емес.

4.4.5. Тауарды осы Шартпен белгіленген тиісті сапада және көлемде жеткізуді талап етуге;

4.4.6. Тауарды жеткізу қарқынын және сапасын бақылау мақсатында Өнім берушіден кез келген уақытта жеткізу қарқыны туралы есептерді сұратуға;

4.4.7. Шарт талаптарын орындау кезінде Өнім беруші Тапсырыс берушіге келтірген зиянды өтеуді талап етуге;

4.4.8. Өнім беруші Жеткізу сәтінде межелі жерде Шарттың талаптарына және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес жіберілуі тиіс Тауарларға қатысты құжаттарды тапсырмаған немесе тапсырудан бас тартқан жағдайда Тауарды қабылдаудан бас тартуға;

4.4.9. Өнім берушіге кемшіліктерді жою үшін ақылға қонымды уақыт беруге және егер Өнім беруші бұл талапты белгіленген мерзімде орындамаса, Шартты бұзуға немесе кемшіліктерді өз күшімен жоюға немесе кемшіліктерді жоюды үшінші тұлғаға жүктеуге, бұл ретте шығындарды Өнім беруші өтейді, сонымен қатар Өнім беруші Шарт бойынша міндеттемелерді орындамау және (немесе) тиісті орындамау салдарынан келтірілген залалдарды өтеуді талап етуге;

4.4.10. Шарт талаптарын бұзған жағдайда, кез келген уақытта Өнім берушіге шығынды өтемей, Шартты орындаудан біржақты тәртіпте бас тартуға;

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

4.4.11. Өнім берушіні хабардар етіп, жеткізу мерзімі өтіп кеткен Тауарды қабылдаудан бас тартуға;

4.4.12. Өнім берушінің Тауарларды жеткізуге қатысты әрекеттерін, жеткізудің кез келген кезеңінде немесе осы Шартты орындаудың кез келген сәтінде бақылау жасауға;

4.4.13. Осы Шарттың мәселелері бойынша Өнім берушінің кез келген техникалық немесе басқа да ақпаратына қол жеткізуге;

4.4.14. Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны және (немесе) тиісінше орындамағаны үшін шарт бойынша Өнім берушіге тиесілі ақшадан кез келген соманы, соның ішінде аванстар бойынша төленген және өтелмеген берешектерді біржақты тәртіппен ұстауға;

4.4.15. Өнім берушіден қойылған тұрақсыздық айыбының (өсімпұл, айыппұл) сомасын, тауарды қабылдау кезінде туындаған шығындарды төлеуді талап етуге;

4.4.16. Егер Өнім беруші өз міндеттемелерін тиісінше орындамаса, шарт бойынша төлемді тоқтата тұруға;

4.4.17. Шарт бойынша міндеттемелердің орындалу барысы және шарттың орындалу мәртебесі туралы ақпарат сұрату, Өнім берушінің қызметіне араласпай, тапсырыстың дайындалу барысы мен сапасын тексеруге;

4.4.18. Өнім берушіге шарт және тараптар арасындағы өзге де мәмілелер бойынша тиесілі төлемнен өсімпұл/айыппұл сомасын, жауапты сақтау үшін шығыстар сомасын (орындалған жұмыстардың (көрсетілген қызметтердің) актісіне сәйкес) және басқа да қызметтерді, сондай-ақ магистральдық және станциялық жолдардағы қарапайым ақыны, вагондарды беру және жинау ақысын, жүктердің, вагондар мен контейнерлердің жақындауы туралы алдын ала ақпаратты бергені үшін алымды, операторды жинауды, күзет қызметін кешіктіргені үшін алымды, сондай-ақ басқа да қызметтерді қамтуы мүмкін теміржол көлігі қызметтері үшін шығыстар сомасын ұстап қалуға;

4.4.19. Анықталған бұзушылықтар немесе сәйкессіздіктер толық жойылғанға дейін Тапсырыс берушінің ішкі қағидаларының және/немесе Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтамағаны үшін Өнім берушінің персоналы мен көлік құралдарының немесе оның өкілдерінің Сатып алушы объектілеріне кіруін шектеуге;

4.4.20. Өнім берушіден шарттың орындалуына байланысты ақпарат пен құжаттарды, оның ішінде Өнім берушінің шаруашылық қызметінің қаржылық есептілігін сұратуға, сондай-ақ Өнім берушінің объектілеріне көшпелі тексеру жүргізуге;

4.4.21. Өнім берушінің атауын, шот нөмірін және төлем мақсатын қоса алғанда, осы Шарт бойынша төлем сомалары туралы ақпаратты қамтитын Қордың қауіпсіз мекенжайына банктік үзінді көшірмені ұсынуға;

4.4.22. Қордың сұрауы бойынша осы Шарт бойынша кез келген ақпаратты ұсынуға;

4.4.23. Өнім беруші тауарға елішілік құндылық үлесі бойынша дәйексіз ақпарат ұсынған жағдайда шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тарту және залалдарды өтеуді талап етуге құқылы.

5. Тауарды тапсыру және қабылдау тәртібі

5.1. Тауарды саны бойынша қабылдау Шартта көзделген жағдайларды қоспағанда, нақты қолда бар Тауар бойынша Тапсырыс беруші мен Өнім берушінің уәкілетті өкілінің қатысуымен жүзеге асырылады. Тауарды жеке басын куәландыратын құжаты, сондай-ақ Өнім берушінің Тауарды тапсыруға сенімхатының түпнұсқасы бар Өнім берушінің уәкілетті өкілі тапсырады. Тапсырыс беруші Тауарды қабылдау күні мен уақыты туралы мәліметті Өнім берушіге телефон немесе электрондық пошта арқылы хабарлайды. Өнім беруші Тауарды қабылдауға және тапсыруға қатысудан бас тартқан жағдайда, Тапсырыс беруші біржақты тәртіпте қабылдайды, ал біржақты қабылдау нәтижелері екі Тарап үшін де міндетті болып есептеледі.

5.2. Тапсырыс беруші Кіріс бақылау актісін (қабылдау-тапсыру актісін)/Тауарды қабылдау актісін (қабылдау-тапсыру актісі) құрастыра отырып, тауарға ілеспе құжаттар негізінде тапсырыс беруші қоймасына жеткізу күнінен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Тауарды қабылдайды.

5.3. Өнім беруші Тапсырыс берушіге тауармен бірге осы Шарт бойынша Тауардың жеткізілгенін растайтын, тиісті түрде ресімделген мынадай құжаттарды ұсынады: 1) ТОРГ 12 жүккұжаты – 1 (бір) түпнұсқа 2) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес ресімделген қорларды тарапқа беру жүккұжаты – 1 түпнұсқада, шарт нөмірін көрсету қажет; 3) МЕМСТ сәйкестік сертификаты; 4) тауарды дайындаушы зауыт берген сапа паспорты және (немесе) тауарды пайдалану жөніндегі нұсқаулық – 1 (бір) түпнұсқа немесе нотариалды куәландырылған көшірме (Қазақстан Республикасының заңнамасында не Тапсырыс берушінің талабы бойынша көзделген жағдайларда, дайындаушы зауыттан тауарды пайдалану жөніндегі паспорт және (немесе) басшылық жеткізілетін тауардың әрбір бірлігіне беріледі, оның ішінде оның құрамдас бөліктеріне; 5) қаптама парағы – 3 түпнұсқа; 6) Тапсырыс берушінің талабы бойынша өзге де құжаттар (қажет болған жағдайда құжаттар тізімі қосылады немесе алынып тасталады). 7) тауардың шығу тегі туралы сертификат (импортталатын тауарлар үшін). Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ (ЕАЭО) тауарының немесе шетелдік тауардың мәртебесін айқындау, тауардың шығу тегі туралы сертификат беру және оның қолданысының күшін жою жөніндегі Қағидаларда белгіленген тәртіппен шығарылған елдің тиісті органы берген тауардың шығу тегі туралы тиісті сертификаттың түпнұсқасы немесе көшірмесі ұсынылады. ЕАЭО-ға мүше мемлекеттерден тауарларды әкелу кезінде (Еуразиялық экономикалық одақ шартының 25-

бабының 5-тармағы) тауардың шығу тегі туралы сертификат талап етілмейді, өйткені тауарларды кедендік декларациялау мен мемлекеттік бақылауды (көліктік, санитариялық, ветеринариялық-санитариялық, карантиндік фитосанитариялық) қолданбай, мүше мемлекеттердің аумақтары арасында еркін өткізу жүзеге асырылады; 8) Тапсырыс берушінің атына және жүк алушының атына жазылған тауар-көлік жүкқұжаты - 1 (бір) түпнұсқа; 9) Қазақстан Республикасында міндетті сертификаттауға жататын тауардың сәйкестік сертификаты – 1 (бір) түпнұсқа немесе көшірме (міндетті сертификаттауға жатпайтын тауарға Өнім беруші Қазақстан Республикасы Мемлекеттік (уәкілетті) органының ресми интернет-көзіне (вебсайтына) сілтемесі бар хатты ұсынады); 10) тауарды халықаралық автомобильмен тасымалдауды жүзеге асыру кезінде Тапсырыс берушіге Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің аумақтық бөлімшесі берген мемлекеттік бақылаудан өткені туралы талон ұсынады; 11) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген барлық рұқсат беру құжаттары, оның ішінде жеткізілетін тауарларға арналған сертификаттар, лицензиялар, сондай-ақ қауіпті өндірістік объектілерде қолданылатын технологияларды, техникалық құрылғыларды, материалдарды сынауға және қолдануға (оның ішінде шетелдік) рұқсаттар. Жеткізілетін тауарға уәкілетті органның берілген рұқсаты болған және оның ресми сайтында орналастырылған жағдайда Өнім беруші Қазақстан Республикасы Мемлекеттік (уәкілетті) органының ресми интернет-көзіне (веб сайтына) сілтемесі бар өтінішті ұсынады; 12) осы Шарттың №2 қосымшасында көрсетілген ілеспе құжаттар. Егер тауарды жеткізу бөліктермен (партиялармен) жүзеге асырылса, Өнім беруші Тапсырыс берушіге тауардың бір бөлігін (партиясын) жеткізу сәтінде құжаттардың әрбір бөлігіне (партиясына) жеке не шарт бойынша жеткізілетін тауардың бүкіл көлеміне беруге міндетті.

5.4. Тауарды сапа бойынша қабылдау Өнім беруші Шарттың 5.3-тармағында көрсетілген құжаттарды ұсынған жағдайда жүзеге асырылады. Көрсетілген құжаттардың кез келгені болмаған және/немесе тауардың шарт талаптарына басқа да сәйкессіздіктері анықталған жағдайда Тапсырыс беруші тауарды қабылдаудан бас тарту құқығын өзіне қалдырады.

5.5. Тауарды қабылдау барысында тауардың ассортиментінде, саны мен сапасында сәйкессіздіктер, тауардың немесе оның қаптамасының көрінетін зақымданулары (бұдан әрі-ақаулар) анықталған жағдайда Тапсырыс беруші осы тауарды қабылдаудан бас тартуға құқылы және мұндай бас тарту негізсіз бас тарту немесе Шарт талаптарын бұзу болып саналмайды. Бұл жағдайда Тараптар тауардың анықталған ақаулары көрсетілетін кіріс бақылау (қабылдау-тапсыру) актісін жасайды, ол Өнім берушінің осы ақауларды жоюы үшін негіз болып табылады.

5.6. Тауарды қабылдау кезінде Өнім беруші (Өнім берушінің өкілі) болмаған жағдайда, Тапсырыс беруші қабылдау кезінде анықталған ақаулар туралы Өнім берушіні жазбаша хабардар етеді және анықталған ақаулар көрсетілетін кіріс бақылау (қабылдау-беру) актісін ресімдеу үшін Өнім берушіні шақырады. Өнім беруші (Өнім берушінің өкілдері) осы кіріс бақылау (қабылдау-тапсыру) актісіне қол қоюдан бас тартқан жағдайда, актіні Тапсырыс беруші біржақты тәртіппен ресімдейді.

5.7. Өнім беруші хабарламада көрсетілген мерзімде келмеген кезде Тапсырыс беруші кіріс бақылау (қабылдау-тапсыру) актісін біржақты тәртіппен ресімдейді, ол Өнім берушінің Шарттың 5.8-тармағының талаптарын орындауы үшін негіз болады.

5.8. Өнім беруші Тапсырыс берушінің келісімімен Тапсырыс беруші белгілеген мерзімдерде тауардың зақымдануы және/немесе ақаулары анықталған жағдайда, аталған ауыстыру тауардың сапасы мен басқа да техникалық сипаттамаларының нашарлауына әкеп соқпаған және соңғы техникалық әзірлемелерге сәйкес келген жағдайда Тапсырыс беруші тарапынан қандай да бір қосымша шығындарсыз бүлінген және/немесе ақаулы тауарды ауыстыруды жүргізуге міндетті.

5.9. Тапсырыс берушіде Өнім берушіге сапасы және/немесе саны бойынша шағымдар туындаған жағдайда Тапсырыс беруші тауарды жеткізген сәттен бастап күнтізбелік 30 күн ішінде және тауарға кіріс бақылау (қабылдау-тапсыру) актісіне қол қойған кезде бұл Туралы Өнім берушіге хабарлауға міндетті.

5.10. Тапсырыс беруші немесе оның өкілдері тауар-көлік жүкқұжатына және кіріс бақылау актісіне (қабылдау-тапсыру актісіне) қол қойғанға дейін олардың техникалық ерекшелікке сәйкестігін растау үшін тауарға техникалық бақылау және/немесе сынақтар жүргізе алады. Тауар сапасы Шарттың №1, 2 қосымшасында көрсетілген сипаттамаларға сәйкес келмеген жағдайда, осы сынақтарға арналған барлық шығыстарды Өнім беруші көтереді.

5.11. Егер техникалық бақылаудан немесе сынақтан өткен тауар Шарттың №1,2 қосымшасында көрсетілген сипаттамаларға жауап бермесе, Тапсырыс беруші олардан бас тарта алады және Өнім беруші не ақаулы тауарды ауыстырады не Тапсырыс беруші тарапынан қандай да бір қосымша шығындарсыз техникалық ерекшелік талаптарына сәйкес қажетті өзгерістер енгізеді.

5.12. Кіріс бақылауынан өту кезінде Тауардың саны/сапасы/жиынтықтылығы бойынша сәйкессіздігі анықталған жағдайда, сондай-ақ Тауармен/Тауар партиясымен бір мезгілде ұсынуға міндетті құжаттар ұсынылмаған не Шартта белгіленген талаптарға не ҚР аумағында қолданыстағы нормалар мен қағидаларға сәйкес келмейтін көрсетілген құжаттар ұсынылған жағдайда, Өнім берушінің міндеттемелері орындалмаған болып есептеледі және Өнім беруші осы Шарттың 7.2.3-тармағына сәйкес Тауарды жеткізуді кешіктіргені үшін жауапты болады. Тауарда ақаулар анықталған жағдайда Тапсырыс беруші Өнім берушінің атына Тауарға қайтарылатын жүкқұжатты ресімдейді, ол анықталған ақаулар көрсетілетін Кіріс бақылау (қабылдау-беру) актісімен бірге Өнім берушіге (жеке өзі, тапсырыс хатпен немесе электрондық пошта арқылы) беріледі. Өнім беруші қайтару жүкқұжатында көрсетілген күннен бастап 3 жұмыс күні ішінде ақауларды жою үшін Тапсырыс берушінің аумағынан ақаулы Тауарды әкетуге міндетті. Тауар уақытылы әкетілмеген жағдайда Тапсырыс беруші сақтауға қабылданған тауар құнының 0,01% есебінен сақтау жөніндегі көрсетілетін қызметтердің құнын қамтитын тиісті төлемақыны есептей отырып, тауарды жауапты сақтауға қабылдауға құқылы (жауапты сақтау үшін төлемақы сақтауға қабылдаудың бірінші күнінен бастап есептеледі). Егер Өнім беруші жауапты сақтауға қабылданған тауарды әкетуді жүзеге асырмаған және/немесе оған Шарттың осы тармағында белгіленген мерзімдерде билік етпеген жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіге жауапты сақтауға қабылданған тауарды (немесе тауардың бір бөлігін) қайтаруға құқылы. Тасымалдау, сақтау және сақтандыру шығындарын қоса алғанда, ақаулы тауарды буып-

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

түюге, тасымалдауға, жеткізуге, қайтаруға не Өнім берушіге өзге де бағытқа байланысты барлық шығыстар Өнім берушіге тиесілі болады және Тапсырыс берушіге оның талабы бойынша толық көлемде өтелуге тиіс. Өнім берушінің көрсетілген шығыстарды өтеу жөніндегі міндетті орындамауы Шарт талаптарын бұзу деп танылады. Тапсырыс беруші тауарды жауапты сақтауға қабылдауға, оны Өнім берушіге қайтаруға байланысты шеккен қажетті шығыстарды (оның ішінде Өнім беруші жоғарыда көрсетілген тауарды әкету үшін айқындалған мерзім ішінде Тапсырыс берушінің қоймасында тиісті тауарды сақтауға байланысты шығыстарды, тасымалдау, кедендік ресімдеу жөніндегі шығыстарды және т.б.) Тапсырыс беруші осындай өтеу туралы талаптарды жазбаша нысанда жіберген сәттен бастап 20 (жиырма) күнтізбелік күн ішінде Өнім беруші өтеуге тиіс.

5.13. Осы Шарттың талаптары бойынша Тапсырыс берушімен алдын ала жазбаша келісім бойынша тауарды жекелеген партиялармен ішінара жеткізуге де, тауарды мерзімінен бұрын жеткізуге де жол беріледі.

5.14. Қабылдау-тапсыру актісіне қол қойылған күн онда тауарды қабылдау аяқталғаннан кейін көрсетіледі. Тауарды жеткізу күні актіге қол қойылған күннен бөлек тауарды қабылдау-беру актісінде көрсетіледі. Тауар-көлік жүкқұжаты Тапсырыс берушінің алған тауарды ресімдеуі үшін (қол қойылған қабылдау-тапсыру актісіне сәйкес келген жағдайда) арналған, бұл ретте басқа құжаттардың болмауынсыз өз бетінше оны кіріске алу мақсаттары үшін тауардың саны мен сапасы бойынша қабылданғанын растайтын құжат болып табылмайды. Өнім беруші Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен тауарға ілеспе жүкқұжат жазып беруге міндеттенеді.

5.15. Темір жол көлігімен жеткізілген жағдайда, тауарды жеткізу күні Тапсырыс берушіге Шарттың 5.3-тармағында көрсетілген ілеспе құжаттардың толық пакетін ұсына отырып, теміржол жүкқұжатымен расталған жүк алушының станциясына тауардың келген күні болып есептеледі.

5.16. Егер тауардағы ақауларды / кемшіліктерді жою Тапсырыс берушінің күшімен жүргізілсе, Өнім беруші оған байланысты шығыстарды тиісті шот берілген күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде өтеуге міндетті.

5.17. Егер кіріс бақылау (қабылдау-тапсыру) актісі бойынша Шартта мәлімделген тауардың саны не сапасы бойынша сәйкессіздік анықталса, Өнім беруші ҚР салық заңнамасының ережелеріне сәйкес бұрын жазылған шот-фактураға қосымша немесе түзетілген шот-фактураны жазуға міндетті.

5.18. Кейіннен (кепілдік мерзімі кезеңінде) тауардың кемшіліктері анықталған жағдайда, Тапсырыс беруші бұл Туралы Өнім берушіге Шартта көзделген кепілдік мерзімі шегінде жазбаша хабарлауға міндетті және Тараптар төменде көрсетілген мерзімдерде анықталған кемшіліктерді көрсете отырып, ҚР ҚМ №562 бұйрығымен бекітілген А-4 нысаны бойынша анықталған актив ақаулары туралы актіні ресімдейді.

5.19. Активтің анықталған ақаулары туралы акті Өнім берушіге тауардағы кемшіліктер анықталғаны туралы жазбаша хабарлама жіберілген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде ресімделеді. Көрсетілген бес күндік мерзім Өнім берушінің өкілінің тиісті тауардың орналасқан жеріне келуі үшін қажетті мерзімге, бірақ 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын мерзімге ұзартылады. Өнім беруші активтің анықталған ақаулары туралы актіні жасауға қатысу үшін келмеген жағдайда, белгіленген мерзімде активтің анықталған ақаулары туралы актіні Тапсырыс беруші Өнім берушінің қатысуынсыз жасайды. Бұл жағдайда Тапсырыс беруші активтің анықталған ақаулары туралы актіні жасауға қатысу үшін Тапсырыс берушінің қалауы бойынша айқындалатын үшінші тәуелсіз тұлғаны (мүлікті бағалау жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар) өз қаражаты есебінен тартуға құқылы. Үшінші тәуелсіз тұлға тауарда кемшіліктердің болуы фактісін және осыған байланысты Тапсырыс берушінің Өнім берушіге қойылатын талаптарының негізділігін растаған кезде Тапсырыс берушінің үшінші тәуелсіз тұлғаны тартуға байланысты шығыстарын Өнім беруші Тапсырыс берушінің бірінші жазбаша талабы бойынша Тапсырыс берушіге толық көлемде өтеуге тиіс.

5.20. Тапсырыс беруші белгіленген тәртіппен жасалған тауардың кемшіліктерін көрсете отырып, активтің анықталған ақаулары туралы актінің негізінде талаптар қойған жағдайда, тиісті актіде көрсетілген кемшіліктерді Өнім беруші растаған болып есептеледі және Өнім беруші Тапсырыс беруші қойған талаптарды орындауға міндетті.

5.21. Тапсырыс беруші тауардың кемшіліктеріне байланысты талаптарды, егер олар кепілдік мерзімі ішінде анықталса, кейіннен қоя алады. Бұл ретте:

5.21.1. жиынтықтаушы бұйымдарға негізгі бұйымға қарағанда ұзақтығы аз кепілдік мерзімі белгіленген жағдайда Тапсырыс беруші негізгі бұйымға кепілдік мерзімі ішінде олар анықталған кезде жиынтықтаушы бұйымның кемшіліктері туралы талаптар қоюға құқылы;

5.21.2. егер жиынтықтаушы бұйымға негізгі бұйымға кепілдік мерзімінен ұзағырақ кепілдік мерзімі белгіленген болса, Егер жиынтықтаушы бұйымдағы кемшіліктер негізгі бұйымға кепілдік мерзімінің өтуіне қарамастан, оған кепілдік мерзімі ішінде анықталса, Тапсырыс беруші тауардың кемшіліктері туралы талаптар қоюға құқылы;

5.21.3. жарамдылық мерзімі белгіленген тауарға қатысты, егер олар тауардың жарамдылық мерзімі ішінде табылса, Тапсырыс беруші тауардың кемшіліктері туралы талаптар қоюға құқылы;

5.21.4. Шартта көзделген кепілдік мерзімі екі жылдан кем болған және тауардың кемшіліктерін Тапсырыс беруші кепілдік мерзімі өткеннен кейін, бірақ тараптар тиісті қабылдау-тапсыру актісіне қол қойған күннен бастап екі жыл шегінде анықтаған жағдайларда, егер Тапсырыс беруші тауардың кемшіліктері тауарды Тапсырыс берушіге бергенге дейін немесе осы уақытқа дейін туындаған

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

себептер бойынша туындағанын дәлелдесе, Өнім беруші жауапты болады.

5.22. Егер Тапсырыс беруші оның Тапсырыс берушіге берілгенге дейін немесе осы уақытқа дейін туындаған себептер бойынша туындағанын дәлелдесе, Өнім беруші тауардың кемшіліктері үшін жауап береді. Өнім беруші сапа кепілдігін берген тауарға қатысты, Егер тауардағы кемшіліктер Тапсырыс берушінің тауарды пайдалану немесе оны сақтау қағидаларын бұзуы не үшінші тұлғалардың іс-әрекеттері немесе еңсерілмейтін күш салдарынан оларды Тапсырыс берушіге бергеннен кейін туындағанын дәлелдей алмаса, Өнім беруші тауардың кемшіліктері үшін жауап береді. Егер Тапсырыс беруші Шарттың талаптарына сәйкес Өнім берушіден тауардың кемшіліктерін (оның ішінде ақаулар, ақаулар және т. б.) өтеусіз жоюды не тиісті емес сападағы тауарды Шартқа сәйкес келетін тауарға ауыстыруды талап еткен жағдайда Өнім беруші мұндай жоюды не ауыстыруды шартта көзделген тәртіппен және мерзімдерде жүзеге асыруға міндеттенеді.

6. Кепілдіктер мен сапа

6.1. Өнім беруші осы Шарттың мәні болып табылатын Тауар сапалы екеніне және сәйкестік сертификатымен және/немесе белгіленген үлгідегі өндіруші зауыттың сапа паспортымен расталатынына кепілдік береді.

6.2. Тауар жаңа болуы тиіс. Тауарды шығару күні - жеткізу күнінен бастап 12 айдан аспауы керек.

6.3. Өнім беруші жеткізілетін Тауарда өндірістік ақаулар мен кемшіліктердің жоғына кепілдік береді.

6.4. Өнім беруші Тапсырыс берушіге кіріс бақылау (қабылдау-тапсыру) актісіне қол қойылған күннен бастап 12 ай ішінде тауардың барлық көлеміне сапа кепілдігін береді.

6.5. Сапа кепілдігі шеңберінде Өнім беруші Тапсырыс берушіден кепілдік міндеттемелер туралы жазбаша хабарламаны алған сәттен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде өз тәуекеліне қарай және өз есебінен кемшіліктерді және/немесе ақауларды түзетуге міндеттенеді.

6.6. Ақаулы тауардың орнына Тауарды ауыстыру және жеткізу Өнім беруші есебінен жүзеге асырылады. Ақаулы Тауардың/кемшіліктері бар Тауардың орнына жеткізілген жаңа Тауарға қатысты кепілдік мерзім Шарттың 6.4-тармағына сәйкес белгіленеді.

6.7. Өнім беруші Тапсырыс берушіге өзі жеткізген Тауардың бос екендігіне және үшінші тұлғалардың өнеркәсіптік, зияткерлік және/немесе басқа да меншікке негізделген кез келген құқықтары мен талаптарынан босатылатынына кепілдік береді.

6.8. Өнім беруші берілетін Тауардың мақсатына сай пайдалануға жарамды екенін куәландырады.

6.9. Жеткізілетін тауардың Қазақстан Республикасында қабылданған қауіпсіздік (сапа) талаптарына сәйкестігі Қазақстан Республикасының уәкілетті органы берген сәйкестік сертификатының түпнұсқасымен немесе нотариалды куәландырылған көшірмесімен (егер де Тауар міндетті түрде сертификатталуы тиіс болса) немесе әзірлеуші зауыттың белгіленген үлгідегі сапа паспортымен расталуға тиіс. Бұл ретте Өнім беруші Тауарға берілген бұл құжаттардың болмағаны үшін жауапты болады.

6.10. Жеткізілетін тауардың сапасы осы Шарттың №1,2 қосымшасы болып табылатын техникалық сипаттамада көрсетілген талаптарға, сондай-ақ Қазақстан Республикасында қолданылатын нормативтік және нормативтік-техникалық құжаттардың (оның ішінде МЕМСТ, СТ, ТТ, ССТ, техникалық регламенттердің талаптарымен және т.б. шектелмей) талаптарына толық сәйкес келуге және сәйкестік сертификатымен, сапа паспортымен, белгіленген үлгідегі дайындаушы зауыттың қауіпсіздік паспортымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да құжаттармен расталуға тиіс. Қажет болған жағдайда (егер Шарттың талабы бойынша елішілік құндылығы болса) Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген тауарға өнім беруші кеңсе арқылы оның Қазақстан Республикасының аумағында шығарылғанын растайтын ішкі айналым үшін тауардың шығу тегі туралы сертификат беруге міндетті.

6.11. Өнім беруші төмендегілерге кепілдік береді:

6.11.1. берілетін тауар жаңа, нормативтік құжаттаманың талаптарына толық сәйкес дайындалды: (МЕМСТ, ҚР СТ, ТТ, техникалық регламент және т.б.) және оның нысаналы мақсатына сәйкес пайдалануға жарамды. Тауарды шығару күні жеткізу күніне дейін ____айдан аспайды. Егер тауарға жарамдылық мерзімі белгіленген болса, оны Тапсырыс берушіге беру сәтіндегі тауарға жарамдылықтың қалдық мерзімі тауарға белгіленген жалпы жарамдылық мерзімінің кемінде үштен екісін құрауы тиіс;

6.11.2. Өнім берушіде тауарды сатуға қажетті барлық рұқсат құжаттары бар;

6.11.3. Тауардың қауіпсіздігі бар болуы туралы талап ҚР қолданыстағы заңнамасымен бекітілген құжаттармен расталуы тиіс (егер қажет болса).

6.12. Осы Шартқа сәйкес белгіленетін тауарға кепілдік мерзімі өнім берушіге шартта белгіленген тәртіппен тауардың кемшіліктері туралы хабарлау шартында тауар онда табылған кемшіліктерге байланысты пайдаланыла алмайтын уақытқа ұзартылады.

6.13. Егер тауарды ауыстыру бойынша кідіріс өнім берушінің кінәсінен орын алса, онда кепілдік мерзімі тиісті уақыт кезеңіне ұзартылады.

6.14. Жеткізілетін тауар ҚР «Ээнергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы» Заңына сәйкес энергия тиімділігі талаптарына сәйкес келуі тиіс.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

7. Тараптардың жауапкершілігі

7.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауапты болады.

7.2. Өнім берушінің жауапкершілігі:

7.2.1. Шарттың талаптарына сәйкс Тауарлардағы елішілік құндылықтың нақты үлесін есептеу ұсынылмаған жағдайда, Өнім беруші Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін Шарт сомасының 10%-нан аспайтын, бірақ Шарт сомасының 0,1% мөлшерінде өсімпұл төлейді.

7.2.2. Өнім беруші Шартта қарастырылған Тауарды жеткізу мерзімдерін кешіктірген жағдайда, Өнім беруші Тапсырыс берушіге тауарды жеткізуді кешіктірген әрбір күнтізбелік күн үшін мерзімінде жеткізілмеген Тауар құнының 0,1% мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы құнынан 10% аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді;

7.2.3. Шарт талаптарына сәйкес Өнім беруші анықталған кемшіліктерді жою мерзімдерін негізсіз бұзған жағдайда, Өнім беруші Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін Шарт сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ шарттың жалпы сомасының 10%-ынан аспайтын мөлшерде тұрақсыздық айыбын (өсімпұл) төлейді.

7.2.4. Тауардың барлығын немесе бір бөлігін жеткізуден бас тартқан немесе жеткізу мүмкін болмаған жағдайда, немесе осы Шарттың 11-бөлімінде көзделген жағдайлардан басқа, Өнім берушінің шарт талаптарын елеулі түрде бұзуына байланысты, Өнім берушінің бастамасы немесе Тапсырыс берушінің бастамасы бойынша шарт бұзылған жағдайда, Өнім беруші Тапсырыс берушіге Шарттың жалпы сомасынан 10% мөлшерде айыппұлды төлеуге міндетті.

7.2.5. Өнім беруші Тапсырыс берушіге осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тапсырыс берушіге тиесілі өсімпұл (айыппұл) сомасын осы Шарт бойынша төлеуге жататын сомадан ұстап қалуға келіседі.

7.2.6. Өнім беруші Тапсырыс берушіге өсімпұл мен айыппұл төлеу үшін ұсынған фактура-шоты жеткізілген тауарлар үшін төлемге және өсімпұлдарды төлеуге қарсы біртекті талаптарды есепке алу мақсатында өзара есеп айырысуларды салыстыру актісіне енгізілуі мүмкін екендігімен келіседі.

7.2.7. Өнім беруші Тауарды жеткізу мерзімін кешіктіргені үшін, сондай-ақ осы Шарттың басқа талаптарын бұзғаны үшін Тапсырыс беруші осы Шарт Өнім берушіге тиесілі төлемнен өсімпұл және/немесе айыппұл сомасын ұстап қалуға құқылы.

7.2.8. Осы шарт бойынша міндеттемелерді бұзу салдарынан Тапсырыс берушіге зиян келтірілген жағдайда, Өнім беруші Тапсырыс беруші шеккен барлық шығындарды өтеуге міндетті. Бұл жағдайда тұрақсыздық айыбы залалдан асатын көлемде өндіріп алуға жатады, яғни шығын да, тұрақсыздық айыбы да толық көлемде өндіріледі.

7.2.9. Тапсырыс беруші осы Шарт бойынша төлем жасаған және Өнім беруші осы Шарт бойынша міндеттемелерді белгіленген мерзімде орындамаған немесе тиісінше орындамаған және (немесе) Шартты бұзу (соның ішінде оны бұзу арқылы) жағдайында, Өнім беруші Тапсырыс берушінің бірінші жазбаша талабы бойынша алынған (шығындары тауарларды қабылдау-тапсыру актілерімен расталмаған) ақшалай қаражатты талап жіберілген күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күннен кешіктірмей қайтаруға міндеттенеді. Қайтару мерзімі бұзылған жағдайда Өнім беруші Тапсырыс берушінің талабы бойынша Тапсырыс берушінің ақшасын заңсыз пайдаланғаны үшін әрбір кешіктірілген күн үшін қайтарылуға жататын соманың 0,1% мөлшерінде өсімпұл төлеуге міндетті, бірақ Шарттың жалпы сомасының 10%-нан аспауы тиіс.

7.2.10. Өнім беруші уәкілетті мемлекеттік органдардың шешімдері бойынша, кез келген негіздер бойынша сот ісін жүргізу арқылы Тапсырыс берушіден өндіріп алынған барлық ақшаны, сондай-ақ Тапсырыс берушіге, оның мердігерлеріне және (немесе) ол тартқан тұлғаларға келтірілген барлық шығындарды өтеуге, сондай-ақ Өнім берушінің, оның қосалқы мердігерлерінің, олардың жұмыскерлерінің немесе олар тартқан тұлғалардың кез келген әрекеттері және/немесе әрекетсіздігі нәтижесінде жоғарыда аталған тұлғалардың мүлкіне келтірілген барлық шығындарды немесе Тапсырыс беруші мен Өнім беруші арасындағы шарттық қатынастардан туындайтын жағдайларды өтеуге келіседі.

7.2.11. Өнім берушінің жұмыскерлері Тапсырыс берушінің өткізу және объектішілік режимдерінің талаптарына сәйкес берілген рұқсаттаманы жоғалтқан (бүлдірген) жағдайда, Өнім беруші рұқсаттама құнын (кәсіпорында жоғалған (бүлінген) кезде қолданылатын бағаларға сәйкес) өтеуге, Тапсырыс берушіге әрбір жоғалған (бүлінген) жағдай үшін 3 айлық есептік көрсеткіш (АЕК) мөлшерінде рұқсатнаманы жоғалтқаны (бүлдіргені) үшін айыппұл төлеуге міндетті.

7.3. Өсімпұл төлеуді Өнім беруші талап арызды, хатты немесе хабарламаны алған күннен бастап 7 (жеті) күнтізбелік күн ішінде жүзеге асырады. Өсімпұл сомасын жеткізген тауар бойынша төлемдерді жүзеге асыру кезінде Тапсырыс беруші шегеруі (ұстап қалуы) мүмкін.

7.4. Тапсырыс берушінің жауапкершілігі:

7.4.1. Шарт бойынша төлемдердің (соның ішінде аванстық төлемдерді) мерзімін негізсіз өткізіп алған жағдайда Тапсырыс беруші Өнім берушіге мерзімі өткізілген әрбір күнтізбелік күн үшін берешек сомасынан 0,1% мөлшерінде, бірақ Шаттың жалпы сомасының 10%-дан аспайтын көлемде өсімпұл төлейді.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

7.4.2. Тапсырыс беруші Тауарды қабылдауды негізсіз кешіктірген жағдайда Тапсырыс беруші Өнім берушіге әрбір күнтізбелік күн үшін кешіктірілген соманың 0,1% мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасының 10%-нан аспайтын өсімпұл төлейді.

7.4.3. Тапсырыс беруші қабылдау-тапсыру актісіне қол қоюды кешіктірген жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіге әрбір күнтізбелік күн үшін кешіктірілген соманың 0,1% мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасының 10%-нан аспайтын өсімпұл төлейді.

7.4.4. Тапсырыс беруші Қабылдап алу - тапсыруактісіне қол қоюды кідірткен жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіге әрбір күнтізбелік күн үшін кідірту сомасынан 0,1% мөлшерінде, бірақ 10%-дан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

7.4.5. Тапсырыс беруші құжаттарды уақтылы ұсынбаған жағдайда (егер Шарттың талаптары бойынша Тапсырыс берушінің Тауарды жеткізу үшін Өнім берушіге құжаттарды ұсынуы талап етілген жағдайда), соның салдарынан Өнім беруші Шартта көзделген өз міндеттемелерін орындай алмаған жағдайда, Өнім берушінің Тапсырыс берушіден Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мерзімі өтіп кеткен залалдарды өтеуді талап етуге құқылы.

7.5. Шарттың талаптарына сәйкес жеткізілетін тауарды өндірушіге тауарды уақтылы жеткізбегені не жеткізуден бас тартқаны үшін есептелетін айыппұлдардың (өсімпұлдардың) жалпы мөлшері шарт сомасының 10%-дан аспауға тиіс.

7.6. Өнім беруші Тапсырыс берушінің Шарт бойынша міндеттемелерді орындамауы және/немесе тиісінше орындамауы салдарынан өтелуге жататын және Тапсырыс берушіге тиесілі нақты залал мен жоғалған пайда сомаларын осы Шарт және Тапсырыс беруші мен өнім беруші арасында жасалған өзге де шарттар бойынша төленуге жататын сомалардан ұстап қалуға келіседі.

7.7. Өнім беруші Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші «Самұрық-Қазына» АҚ-ның сенімсіз әлеуетті өнім берушілерінің (өнім берушілерінің) тізбесіне Өнім беруші туралы мәліметті енгізу үшін сатып алу мәселесі жөніндегі уәкілетті органға ақпаратты белгіленген тәртіппен жолдайды.

7.8. Тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеу Тараптарды осы Шартпен қарастырылған міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

7.9. Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауды бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші Шарттың орындалуын енгізілген қамтамасыз ету сомасынан өнім берушіге Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзғаны және осыған байланысты туындаған залалдар үшін есептелген айыппұл сомасын ұстап қалуға құқылы.

7.10. Пайдасына тұрақсыздық айыбы төленетін Тараптың талабы бойынша залалдар тұрақсыздық айыбынан (өсімпұл, айыппұл) артық толық сомада өтелуге тиіс.

7.11. Тапсырыс беруші мен өнім беруші, сондай-ақ олардың қосалқы мердігерлері (қосалқы өнім берушілері), жұмыскерлері, агенттері мен қызметшілері есептерді жасау және ұсыну және кез келген салықтарды, баждарды және басқа да төлемдерді төлеу жөніндегі міндеттемелерді қоса алғанда, ҚР Салық кодексінің ережелерін және оларға қолданылатын басқа да ережелерді сақтауға жауапты болады.

7.12. Тапсырыс берушінің өнім берушіге залалдарды өтеу жөніндегі кез келген жауапкершілігі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес расталған мүліктегі нақты залалды ғана өндіріп алумен шектеледі.

8. Шартты өзгерту, бұзу тәртібі

8.1. Осы Шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу Қазақстан Республикасының заңнамасына және Тәртіпке сәйкес жүзеге асырылады.

8.2. Жобаға не сатып алу туралы жасалған шартқа өткізілетін (өткізілген) сатып алу талаптарының мазмұнын және/немесе Өнім берушіні таңдау үшін негіз болған ұсыныста өзгерте алатын өзгерістерді Тәртіптің тиісті тармағында(тарында) көзделмеген өзге де негіздер бойынша енгізуге жол берілмейді.

8.3. Тапсырыс беруші шартты орындаудан біржақты тәртіппен мынадай жағдайларда ғана бас тартуға құқылы: 1) Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 40- бабы 2-тармағында көзделген; 2) Өнім беруші өз міндеттемелерін бұзған кезде; 3) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алудың негізді орынсыздығына байланысты; 4) консультациялық қызметтерді сатып алу туралы шартты орындау барысында Тапсырыс беруші әлеуетті өнім берушінің мүдделер қақтығысының болмауы туралы дұрыс емес ақпаратты және/немесе жалған мәліметтерді ұсынуын анықтаған. Бұл ретте Тапсырыс беруші Өнім берушінің сатып алу туралы шарттың талаптарына сәйкес залалдарды өтеуін талап етуге құқылы; 5) Тәртіптің 31-бабы 1-тармағында көрсетілген; 6) сатып алу туралы шарт тараптарының бірі Шарттың талаптарында көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі міндеттемелерді бұзған кезде; 7) Тәртіпте анықталған басқа жағдайларда. Тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алудың негізделген орынсыздығына байланысты Тапсырыс беруші Өнім берушіге нақты іс жүзінде шеккен шығыстарын төлеген жағдайда Сатып алу туралы шартты орындаудан бас тартуға жол беріледі.

8.4. Сатып алуда «Самұрық-Қазына» АҚ-ның құрылымдық бөлімшесі атынан сатып алуды жүзеге асыру мәселелері жөніндегі уәкілетті орган бұзушылықтарды анықтаған жағдайда Тапсырыс берушінің жасалған шартты біржақты тәртіппен бұзуына және (немесе) бас тартуына жол берілмейді. Бұл жағдайда Шарт тараптардың өзара келісімі бойынша ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес және Өнім берушіген Шарт бұзылған күнге нақты жұмсалған шығыстарды төлеу кезінде бұзылуы мүмкін.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

8.5. Егер Шарт Тапсырыс берушінің кінәсінен бұзылған жағдайда, Өнім беруші Тапсырыс берушіден келтірілген залалдарды және Шарт талаптарын тиісінше орындамау салдарынан туындаған шығындарды, сондай-ақ қойылған өсімпұл мен айыппұл сомасын қаржылық өтеуді талап етуге құқығы бар.

8.6. Тапсырыс беруші Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартқан кезде Тапсырыс беруші Өнім берушіге Шарттан бас тартудың болжамды күніне дейін кемінде күнтізбелік 15 (он бес) күн бұрын тиісті жазбаша хабарламаны жібереді. Хабарламада себеп көрсетілуі тиіс, жойылған шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ Шарттан бас тарту туралы хабарламаның күшіне ену күні айтылуы тиіс. Жоғарыда көрсетілген мән-жайларға байланысты шартты бұзған кезде Өнім беруші шартты орындауға байланысты нақты шығындар үшін ғана Шартты бұзған күні төлеуді талап етуге құқылы.

8.7. Шартқа енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар оған Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойған қосымша келісім түрінде жазбаша нысанда ресімделеді. Шартта, Қазақстан Республикасының заңнамасында және Тәртіпте көзделген жағдайларды қоспағанда, өткізілген сатып алу шарттарының мазмұнын және/немесе өнім берушіні таңдау үшін негіз болған ұсыныстарды өзгерте алатын өзгерістер енгізуге жол берілмейді.

8.8. Тапсырыс беруші Өнім берушінің өз міндеттемелерін бұзуына байланысты шартты бұзған кезде Өнім беруші Тапсырыс берушінің талабы бойынша шартта көзделген айыппұл санкцияларының сомасын төлеуге, сондай-ақ жоғалған пайданы қоса алғанда, Тапсырыс берушіге залалдарды өтеуге міндетті.

8.9. Шартқа кез келген өзгерістер мен толықтырулар, егер олар Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын Шартқа қосымша жазбаша келісім түрінде ресімделген болса, оған Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойған жағдайда ғана жарамды деп есептеледі.

8.10. Тәртіптің 65-бабы 1-тармағының 8) тармақшасында көзделген жағдайда Тапсырыс беруші шарт сомасын өнім беруші негіздеген және Тапсырыс беруші растаған сомаға ұлғайтудан бас тартқан кезде Шарт Тараптардың өзара келісімі бойынша бұзылуы мүмкін.

9. Хат-хабар

9.1. Егер Шарттың талаптары бойынша қандай да бір хат алмасуды жүргізу, хабарламаларды, нұсқаулықтарды, келісімдерді, бекітулерді, сертификаттарды немесе басқа біреудің шешімдерін ұсыну немесе шығару қажет болса және, егер басқаша айтылмаса, онда хат алмасудың осы түрі негізсіз бас тартусыз және кідіріссіз жазбаша нысанда жүзеге асырылады.

9.2. Осы Шартқа сәйкес немесе оған байланысты хат алмасу жөніндегі барлық құжаттарда Шарттың нөмірі бар Тараптардың деректемелері болуы тиіс.

9.3. Осы Шарттың талаптарына сәйкес жазбаша нысанда жүзеге асырылуы тиіс кез келген хат-хабарлар, хабарламалар, есептер, сұрау салулар, талаптар, мақұлдаулар, келісімдер, нұсқаулықтар, тапсырыстар, сертификаттар немесе басқа хабарламалар алдын ала ұсынылуы және қолға берілуі немесе тапсырысты пошта арқылы пошталық хабарламамен, факспен немесе электрондық пошта арқылы, түпнұсқасын кейіннен ұсына отырып, уәкілетті тұлғаның ЭЦҚ қойылған және өнім берушінің ресми электрондық мекенжайына электрондық түрде жіберілген хат-хабарларды қоспағанда факсты/электрондық нұсқасын алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жеткізілуі тиіс. Егер шартта өнім берушінің электрондық мекенжайы тікелей көрсетілмесе және өнім беруші оны Тапсырыс берушіге бермесе, веб-порталда көрсетілген электрондық мекенжай өнім берушінің ресми электрондық мекенжайы болып есептеледі.

9.4. Курьерлік пошта, телекс, жеделхат немесе факс арқылы жіберілген кез келген хабарлама (ертерек алу растамасы болмаған жағдайда) беру сәтінде жеткізілген болып есептеледі.

9.5. Тапсырыс хатпен (авиа) жіберілген хабарлама пошта бөлімшесінің немесе поштаның жеткізілгенін растайтын курьерлік қызметтің мөртабаны болған жағдайда жеткізілді деп есептеледі.

9.6. Тапсырыс беруші Өнім берушіге жазбаша хабарлама жіберу арқылы кез келген уақытта және кез келген негіздер бойынша тауарды жеткізуді ішінара не тұтастай алғанда өнім берушіге Шарт бойынша міндеттемелерді орындауға байланысты шығыстарды төлей отырып, тоқтата тұруға құқылы.

9.7. Егер хабарламада өзгеше көзделмесе, жеткізуші жеткізуді тоқтата тұру туралы хабарлама алған кезде: 1) хабарламада көрсетілген күні және шамада жеткізуді дереу тоқтатады; 2) тоқтата тұру қолданылмайтын тапсырыстарды қоспағанда, тоқтатыла тұрған жеткізілімге қатысты ешқандай әрі қарайғы тапсырыстарды орналастырмайды және жеткізіліммен байланысты қосалқы мердігерлік және/немесе қосалқы жеткізу туралы шарттар жасаспайды.

9.8. Бұл ретте Өнім беруші жеткізуді тоқтата тұру қолданылмайтын тауарды жеткізуді жалғастырады.

9.9. Егер Өнім беруші хабарламаны алғаннан кейін тауарларды сатып алуды немесе Тапсырыс беруші тауарды жеткізуді тоқтата тұруға байланысты өзге де шығыстарды жүргізсе, Тапсырыс беруші Өнім беруші шеккен осындай шығыстарды ескермеуге және төлемеуге құқылы.

9.10. Тапсырыс беруші кез келген уақытта Өнім берушіге жазбаша хабарлама жіберу арқылы барлық жеткізілімді немесе оның бір бөлігін қайта бастауға құқылы. Жеткізуді қайта бастау туралы хабарлама алған кезде Өнім беруші шартта көзделген жеткізу талаптары мен мерзімдеріне сәйкес осындай тоқтатыла тұрған жеткізуді дереу қайта бастауға тиіс. Бұл ретте жеткізу мерзімі жеткізуді қайта бастау

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

туралы хабарлама жасалған күннен бастап есептеле бастайды.

10. Шарттың қолданылу мерзімі

10.1. Осы Шартқа екі Тарап қол қойған сәттен бастап ол өз күшіне енеді және міндеттемелер толық орындалғанға дейін қолданылады.

11. Еңсерілмейтін күш жағдайлары (Форс-мажор)

11.1. Егер еңсерілмейтін күш жағдайларының, атап айтқанда: өрт, су тасқыны, жер сілкінісі, пандемия, эпидемия, мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардың, ТМД елдерінің актілерін қабылдау салдарынан (өндіріске тыйым салуды қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей) және бұл жағдайлар Тараптарға Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауға кедергі келтіріп, Шарттың орындалуына тікелей әсер еткен болса, онда Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерді толық немесе ішінара орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады. Егер бұл жағдайлар үш айдан астам уақытқа созылса, онда әрбір Тарап Шартты бұзуға құқылы, бұл жағдайда Тараптардың ешқайсысы шығындарды өтеуге құқылы болмайды. Еңсерілмейтін күш мән-жайы туындаған кезде міндеттемелерді орындау мүмкін создстігі туындаған Тарап екінші Тарапқа осындай мән-жайлар басталған сәттен бастап күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде форс-мажордың болжамды қолданылу мерзімі туралы жазбаша нысанда (хабарлама) хабарлауға, сондай-ақ "Қазақстанның сыртқы сауда палатасы" Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі берген осындай мән-жайлардың туындау фактісін растайтын құжаттарды ұсынуға тиіс. Егер форс-мажорлық мән-жайлар Қазақстан Республикасының бейрезидентіне әсер еткен жағдайда, шартты орындау бойынша міндеттемелері бар тарап орналасқан елдің құзыретті органы берген осындай мән-жайлардың туындау фактісін растайтын құжаттарды ұсыну қажет.

11.2. Шарттың 11.1-тармағында айтылған тәртіппен хабарламау немесе уақтылы хабарламау Тарапты міндеттемені орындамағаны үшін жауапкершіліктен босататын негіз ретінде жоғарыда аталған кез келген мән-жайға сілтеме жасау құқығынан айырады.

11.3. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары және/немесе Шарттың 11.1-тармағында көрсетілген өзге де мән-жайлар туындаған кезде міндеттемелерді орындау осы мән-жайлардың қолданылу уақытына кейінге қалдырылады.

11.4. Еңсерілмейтін күш жағдайлары 30 (отыз) күнтізбелік күннен асатын болса, онда кез келген Тарап есеп айырысуды міндетті жүргізу арқылы Шартты бұзуға құқылы.

11.5. Тараптар Еңсерілмейтін күш жағдайларының туындау салдарын болдырмау немесе жеңілдету және тез арада жою үшін қажетті күш-жігерді қолдануға міндетті.

12. Дауларды шешу тәртібі

12.1. Осы Шарттан Тараптар арасында туындауы мүмкін барлық даулар мен келіспеушіліктер келіссөздер арқылы шешіледі.

12.2. Егер осындай келіссөздер нәтижесінде Тараптар Шарт бойынша дауды шеше алмаса, Тараптардың кез келгені бұл мәселені Павлодар облысының соттарында Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібінде шешуді талап ете алады. Осы Шартпен реттелмеген барлық мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

12.3. Дауларды қарау орны – Павлодар қ

13. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

13.1. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың жұмыскерлері қандай да бір заңсыз басымдықтарды немесе өзге де заңсыз мақсаттарды алу мақсатында осы тұлғалардың іс-әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету үшін кез келген тұлғаларға тікелей немесе жанама түрде қандай да бір ақшалай қаражатты немесе құндылықтарды төлемейді, төлеуді ұсынбайды және төлеуге рұқсат бермейді.

13.2. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың жұмыскерлері осы Шарт мақсаттары үшін қолданылатын заңнамада пара беру/алу, коммерциялық параға сатып алу ретінде сараланатын іс-әрекеттерді, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын іс-әрекеттерді жүзеге асырмайды.

13.3. Осы Шарт Тараптарының әрқайсысы басқа Тараптың жұмыскерлерін қандай да бір жолмен, оның ішінде ақшалай сомалар, сыйлықтар беру, олардың атына жұмыстарды (көрсетілетін қызметтерді) өтеусіз орындау арқылы және жұмыскерді белгілі бір тәуелділікке қоятын және осы жұмыскердің оны ынталандыратын іс-әрекеттің пайдасына қандай да бір іс-әрекеттерді орындауын қамтамасыз етуге бағытталған басқа да тәсілдермен ынталандырудан бас тартады.

13.4. Тарапта қандай да бір Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шарттардың бұзылуы орын алды немесе орын алуы мүмкін деген күдік туындаған жағдайда тиісті Тарап екінші Тарапты жазбаша нысанда хабардар етуге міндеттенеді.

13.5. Жазбаша хабардар етуде Тарап контрагенттің, оның жұмыскерлерінің осы шарттардың қандай да бір ережелерін бұзғаны немесе бұзуы мүмкін екенін нақты растайтын немесе болжауға негіз беретін, пара беру немесе алу, коммерциялық пара беру сияқты қолданыстағы заңнамамен сараланатын іс-әрекеттерде, сондай-ақ қолданылатын заңнаманың және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын іс-әрекеттерде көрініс табатын фактілерге сілтеме

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

жасауға немесе материалдарды ұсынуға міндетті.

13.6. Осы Шарттың Тараптары сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі рәсімдердің жүргізілуін таниды және олардың сақталуын бақылайды. Бұл ретте Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне тартылуы мүмкін контрагенттермен іскерлік қатынастар тәуекелін азайту үшін ақылға қонымды күш-жігер жұмсайды, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында бір-біріне өзара жәрдем көрсетеді.

13.7. Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне Тараптарды тарту тәуекелдерін болдырмау мақсатында комплаенс тексерулер жүргізу жөніндегі рәсімдердің іске асырылуын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

13.8. Тараптар Шарт талаптарында көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі міндеттемелерді Шарт тараптарының бірі бұзған кезде шартты біржақты тәртіппен орындаудан бас тартады.

13.9. Өнім беруші ешқандай заңсыз мақсатта емес, заңды шаруашылық қызметті жүзеге асыру мақсатында құрылған және тек заңды қаржыландыру көздеріне ие.

13.10. Өнім беруші және оның Аффилиирленген тұлғалары алаяқтық немесе сыбайлас жемқорлықпен байланысты заңсыз әрекеттері үшін сотталмаған немесе кінәлі деп танылған емес. Өнім беруші немесе оның кез келген Аффилиирленген тұлғалары осындай заңсыз әрекеттерді жасағаны үшін сотталған болса немесе кінәлі деп танылса, Өнім беруші ПМХЗ-ге жазбаша түрде дереу хабарлауға міндеттенеді.

13.11. Өнім беруші ҚМГ ресми веб-сайтында «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ (бұдан әрі – ҚМГ) Іскерлік әдеп кодексімен және ҚМГ және оның ЕТҰ сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатымен танысқандығын растайды. Өнім беруші ҚМГ Іскерлік мінез-құлық кодексін және ҚМГ және оның ЕТҰ сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын толық түсінетінін растайды.

13.12. Өнім беруші ПМХЗ-ге осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тармақтың талаптары нақты немесе ықтимал бұзылған жағдайда адал көмек көрсетуге және жәрдемдесуге міндеттенеді, соның ішінде өз иелеріне, директорларына, лауазымды тұлғаларына және басқа Аффилиирленген тұлғаларға сауалнама жүргізу мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндеттенеді.

13.13. Өнім беруші ПМХЗ қызметіне қатысты сыбайлас жемқорлыққа қарсы тармақтардың талаптарын бұзудың барлық жағдайлары туралы ПМХЗ жедел хабардар етуге міндеттенеді. Талаптарды бұзу жағдайлары туралы хабарлау үшін Өнім беруші ҚМГ ресми веб-сайтында ақпарат орналастырылған ҚМГ «Жедел телефон желісін» пайдалануға міндетті.

13.14. Өнім беруші қандай да бір заңсыз мақсаттарда емес, заңды шаруашылық қызметті жүзеге асыру мақсатында құрылған және оның тек заңды қаржыландыру көздері бар

14. Құпиялылық

14.1. Тараптар осы Шартқа қол қою арқылы осы шарттың мазмұны, сондай-ақ төлем туралы ақпарат құпия болып табылмайтындығына және Қазақстан Республикасының уәкілетті органдары мен ұйымдарының Веб-порталында және/немесе өзге де ақпараттық жүйелерінде үшінші тұлғалар үшін қолжетімді екендігіне өз келісімін білдіреді. Осы Шарт бойынша Тараптар беретін және/немесе пайдаланатын өзге де құжаттама мен ақпарат құпия болып табылады және Тараптар екінші Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және Тәртіпте көзделген жағдайларды қоспағанда, осы ақпаратты үшінші тұлғаларға беруге құқылы емес. Осы тармақтың екінші абзацы Шарттың мәніне жататын мәселелерді іс жүзінде шешу мүдделерінде сотта қарау жағдайларына немесе мұндай жария ету Қазақстан Республикасының заңнамасында ұйғарылған не осыған уәкілеттік берілген мемлекеттік органдардың талап етуі бойынша жүзеге асырылатын жағдайларда қолданылмайды.

14.2. Өнім беруші Тапсырыс берушінің «Самұрық-Қазына» АҚ-ға Шарт бойынша ақпаратты, оның ішінде, бірақ онымен шектелмей, Тапсырыс берушіге қызмет көрсететін контрагент-банктердің байланыс арналарының талап етілетін хаттамаларын пайдалана отырып, «Самұрық-Қазына» АҚ-ның ақпараттық-талдау жүйесіне деректерді берудің қорғалған арнасы арқылы үзінді көшірмелер жіберу жолымен төлемнің деректемелері мен детальдары туралы ақпаратты ашуға құқығы бар екендігімен келіседі.

14.3. Шарттың 14.1-тармағының бірінші абзацы, егер Шарт Қазақстан Республикасы Президентінің немесе қорды басқару жөніндегі кеңестің тапсырмасын орындау шеңберінде тәсілмен жасалған жағдайда, сондай-ақ акцияларды және/немесе активтердің өзге де сыныптарын, сатып алуды жүзеге асырудың ерекше тәртібіне сәйкес жасалған сатып алу туралы ақпарат пен шарттарды қор нарығында орналастыру/сатып алу/делистинг жөніндегі қызметтерді сатып алу туралы ақпарат пен шарттарға қолданылмайды.

14.4. Құпия ақпарат мыналарды қамтиды:

14.4.1. Тараптардың қаржылық не шаруашылық қызметіне қатысы бар мән-жайлар;

14.4.2. шартты орындауға қатысқан Тараптардың лауазымды адамдары туралы деректер, оның ішінде олардың жеке деректері (тегі, мекен-жайы, телефондары және т. б.);

14.4.3. Шарт мәніне қатысы бар үшінші тұлғалар туралы мәліметтер, олардың лауазымды тұлғаларының аты-жөні мен басқа да жеке деректерін қоса алғанда;

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

14.4.4. информацию о ходе исполнения Договора, за исключением информации об оплате по Договору;

14.4.5. Шартты орындау барысында тараптар құпия деп таныған кез келген өзге де ақпарат.

14.5. Жоғарыда айтылғандарға қарамастан және құпиялылық туралы міндеттемеге нұқсан келтірместен, Тараптар өздерінің аффилиирленген тұлғаларының, сондай-ақ Тараптардың Қаржы-шаруашылық қызметіне аудит жүргізетін тұлғалардың талап етуі бойынша осындай ақпаратты консультанттарға беруге құқылы. Осы бөлімнің ережелері Тараптардың әрқайсысына, сол сияқты Тараптардың штаттық персоналы болып табылатын барлық адамдарға, оның ішінде олармен еңбек құқықтық қатынастары тоқтатылғаннан кейін не олар келісімшарттар не еңбек келісімдері негізінде тартқан адамдарға және осындай мәліметтер мен ақпаратқа қол жеткізе алатын басқа да адамдарға құпия ақпаратты жария етпеу жөніндегі міндеттерді жүктейді.

14.6. Тараптар құпия ақпаратты заңсыз ашу нәтижесінде екінші Тарапқа келтірілген залал үшін Бір-бірінің алдында жауап береді. Жауапкершілік туралы ережелер осы Шартқа қол қойылған күнгі не оның қолданылу кезеңіндегі мәліметтер не ақпарат Тараптардың кінәсінен болмаған немесе кеңінен белгілі болған жағдайларға қолданылмайды.

15. Өзге де талаптар

